

## 2010-2012 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 25/163 шешімі. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 05 қаңтарда № 11-2-129 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңына және Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 желтоқсандағы 2061 - нөмірімен тіркелген Маңғыстау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы «2010 - 2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 21/252 шешіміне сәйкес,

қалалық Мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. 2010 - 2012 жылдарға арналған қалалық бюджет 1 - қосымшаға сәйкес мына к ө л е м д е б е к і т і л с і н :

1) кірістер – 14 374 063 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер бойынша – 7 224 107 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер бойынша – 148 716 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 290 783 мың теңге;  
трансферттер түсімі бойынша – 6 710 457 мың теңге;

2) шығындар – 13 984 847 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 21 360 мың теңге, оның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 21 360 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге.

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 123 166 мың теңге, оның і ш і н д е :

қаржы активтерін сатып алу – 123 166 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге.

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 244 690 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 244 690 мың т е н г е , о н ы ң і ш і н д е :

қарыздар түсімі – 21 360 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 285 789 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 19 739 мың теңге.

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.08 № 28/189 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

2010.05.18 № 29/195 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.07.28 № 30/221 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.10.07 № 31/234 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.11.30 № 33/245 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

### Ш е ш і м д е р і м е н .

2. 2010 жылғы қала бюджетінің кірістер нормативтері мынадай көлемде бекітілсін:
- 1) төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 66,4 пайыз;
  - 2) төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
  - 3) қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
  - 4) шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
  - 5) шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
  - 6) әлеуметтік салық – 73,1 пайыз.

Ескерту. 2 - тармаққа өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.04.08 № 28/189 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.07.28 № 30/221 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.10.07 № 31/234 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);  
2010.11.30 № 33/245 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

### Ш е ш і м д е р і м е н .

2 - 1. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 486 563 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттері көзделгені ескерілсін, оның і ш і н д е :

- жаңадан іске қосылған білім беру объектілерін ұстауға – 342 628 мың теңге;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, оның ішінде:
- негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыру – 16 380 мың теңге;
  - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құру – 22 156 мың теңге;
  - "Өзін-өзі тану" пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру ұйымдарын оқу материалдарымен қамтамасыз етуге – 12 097 мың теңге;
  - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 24 847 мың теңге;
  - аз қамтылған отбасыларынан шыққан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге – 9 069 мың теңге;
- Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмекті төлеуге – 7 970 мың

т е ң г е ;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмекті төлеуге және қаржылық қызметтерге – 4 234 мың теңге;

ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – 1 338 мың теңге;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттерге 137 айлық есептік көрсеткіш көлемінде – 21 360 мың теңге;

алынып тасталды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.04.08. № 28/189 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімін ұстауға, оларды материалдық-техникалық жарақтандыруға және Теңге, Қызылсай селолық округтер деңгейінде 1 бірліктен ветеринариялық мамандарын ұстауға – 4 235 мың теңге.

эпизоотияға қарсы іс - шаралар жүргізуге - 1 646 мың теңге;

Мемлекеттік тапсырысты арттыруға қосымша мектепке дейінгі ұйымдарды ашуға - 4 7 7 9 6 мың теңге.

Ескерту. 2 - 1 - тармақпен толықтырылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен; өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.04.08 № 28/189 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.05.18 № 29/195 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.28 № 30/221 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.07 № 31/234 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.30 № 33/245 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2 - 2. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 5 803 145 мың теңге сомасындағы нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, оның і ш і н д е :

«Шұғыла» шағын ауданында туберкулез ауруына шалдыққан балаларға арналған 280 орындық санаторийлік үлгідегі балабақшаның құрылысына - 272 896 мың теңге;

«Ақсу» (Рахат - 2) жаңа шағын ауданында 280 орындық балабақшаның құрылысына - 2 6 2 0 0 0 мың теңге ;

Ақыл - есі кем балаларға арналған 280 орындық мамандандырылған кешеннің құрылысына - 272 896 мың теңге ;

«Жұлдыз» (Рахат-3) жаңа шағын ауданында 1200 орындық орта мектептің құрылысына - 779 287 мың теңге ;

Теңге селосындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына - 350 901 мың теңге;

«Жұлдыз» Рахат - 3 шағын ауданын сумен жабдықтау жүйесінің 1 - кезегінің

құрылысына - 115 807 мың теңге;  
«Жұлдыз» Рахат - 3 шағын ауданын сумен жабдықтау жүйесінің 2 - кезегінің  
құрылысына - 151 570 мың теңге;  
2008 - 2010 жылдардың Мемлекеттік тұрғын үй құрылысының бағдарламасына  
сәйкес, инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және  
жайластыруға - 375 788 мың теңге;  
Бюджеттік ұйымдар қызметкерлеріне және жас отбасырларға арналған 200 пәтерлі  
екі тұрғын үй құрылысына - 1 072 000 мың теңге;  
"Жұлдыз", "Мерей" жаңа шағын аудандарында электрмен жабдықтау жүйесінің  
құрылысына - 450 000 мың теңге;  
"Жұлдыз", "Мерей" жаңа шағын аудандарында газбен жабдықтау жүйесінің  
құрылысына - 200 000 мың теңге;  
Орталық қазандықты шағын жылу энергетикалық орталығына ауыстырып, қайта  
жаңарту мен кеңейтуді жүргізу - 1 500 000 мың теңге.

Ескерту. 2 - 2 - тармақпен толықтырылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Шешімімен; өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.10.07 № 31/234 (2010  
жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.30 № 33/245 (2010  
жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2 - 3. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 377 721  
мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттерінің көлемі өңірлік жұмыспен  
қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясындағы шараларды  
қаржыландыруға бөлінгендігі ескерілсін.

Ескерту. 2 - 3 - тармақпен толықтырылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Шешімімен; өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.11.30 № 33/245 (2010  
жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2 - 4. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 42 000  
мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көлемі әлеуметтік жұмыс  
орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге және кадрларды даярлау  
және оларды қайта даярлауға бөлінгендігі ескерілсін.

Ескерту: 2 - 4 - тармақпен толықтырылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)  
Ш е ш і м і м е н .

2 - 5. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен білім бөлімі  
аппаратына – 1028 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттері  
көзделгені ескерілсін.

Ескерту: 2 - 5 - тармақпен толықтырылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2010.04.08. № 28/189 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

Шешімімен; жаңа редакцияда жазылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.11.30 № 33/245 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3 . Қ ұ қ ы қ б е р у г е :

Қалалық бюджеттен бөлінетін, азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік төлемдер мынадай көлемде бекітілсін:

1) біржолғы материалдық көмек:

Қазақстан Республикасына квотадан тыс көшіп келген оралмандарға өтемақы төлеуге 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, облыстық және қалалық қоғамдық-саяси газетке жазылу үшін мерзімді баспасөзге жылдық жазылу құны;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, таңдауы бойынша облыстық қоғамдық - саяси газеттің бір түріне жазылу үшін мерзімді баспасөзге ж ы л д ы қ ж а з ы л у құ н ы ;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, амбулаториялық ем алу кезінде дәрі - дәрмек сатып алуға 5 000 теңге көлемінде;

Аз қамтамасыз етілген отбасыларына және аса мұқтаж азаматтарға қиын жағдайлар болған кезде (отбасы мүшесі қайтыс болғанда, қатаң ауруға шалдыққанда, отбасында басқадай бақытсыз оқиғалар болғанда), қала әкімдігінің қаулысына сәйкес бір жолғы материалдық көмек көрсетіледі;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндер құрметіне біржолғы әлеуметтік көмек: Ұлы Жеңіс күніне (9 мамыр):

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 65 000 теңге көлемінде; Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 25 0 0 0 т е н г е ;

Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 теңге;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 20 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 25 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медалдармен марапатталған адамдарға 10 000 теңге;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдармен марапатталмаған адамдарға 10 000 теңге;

Қайта некеге тұрмаған, қаза тапқан соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектерге, қаза тапқан соғысқа қатысушыларының, партизандардың әйелдеріне ( к ү й е у і н е ) 2 5 0 0 0 т е н г е ;

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз

кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасына 10 000 теңге көлемінде;

Республикалық бюджеттен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек мөлшерімен жол жүруін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүргізіледі;

Қарттар күніне (1 қазан):

70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі):

барлық топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Қазақстан Республикасының Конституция күніне (30 тамыз):

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға) 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

3) тоқсан сайын 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;

жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;

4) алынып тасталды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне; жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;

жалғыздікті зейнеткерлер;

5) қаланың жалпы білім беретін мектеп түлектеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек. Әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес жүргізіледі;

6) ай сайынғы қосымша үстемақы:

облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлерге 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

7) ауылдық (селолық) елді мекендерде және қалалардың әкімшілік бағынысты аумағында орналаспаған поселкелерде жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және фармацевтика қызметкерлеріне, мемлекеттік қамсыздандыру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне біржолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отындарды сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 11 000 теңге көлемінде қосымша қ а р ж ы л а н д ы р у ғ а ;

8) ай сайын 16 жасқа дейінгі үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға әлеуметтік көмек 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

9) ауылдық (селолық) елді мекендерде және поселкаларда жұмыс жасайтын мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне, әлеуметтік қызметкерлерге 25% жоғары жалақы (тарифтік мөлшерлеме) белгіленсін;

10) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау.

11) ай сайын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық төлем ақыны өтеуге әлеуметтік көмек 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

12) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарын әлеуметтік қолдау мақсатында 70 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көтерме жәрдемақы т ө л е у ғ е ;

13) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарын әлеуметтік қолдау мақсатында тұрғын үй сатып алу үшін 630 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде н е с и е б е р у ғ е .

**Ескерту. 3 - тармаққа өзгерту енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.02.08. № 27/173 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Ш е ш і м і м е н .**

4. Жергілікті атқарушы органның резерв қоры 13 000 мың теңге сомасында б е к і т і л с і н .

5. 4 - қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған 2010 жылға арналған қалалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

6. 5 - қосымша сәйкес қалалық бюджеттің орындалу барысында секвестрге

жатпайтын 2010 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

7. 6 - қосымша сәйкес 2010 жылға арналған әрбір ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

8. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы қалалық

Т. Болатбаева

Мәслихат хатшысы

М. Сарыев

Қалалық

мәслихаттың

2010

жылғы

30

қарашадағы

№

33/245

шешіміне

1 қосымша

**Ескерту. 1 - Қосымша жаңа редакцияда - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010.11.30. № 33/245 (2010 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

## 2010 жылға арналған қалалық бюджет

Сан	Сын	Ішкі Сын	Атауы	Сомасы, мың тенге
1			2	3
			1. КІРІСТЕР	14 374 063
1			Салықтық түсімдер	7 224 107
	01		Табыс салығы	3 016 562
		2	Жеке табыс салығы	3 016 562
	03		Әлеуметтік салық	3 165 719
		1	Әлеуметтік салық	3 165 719
	04		Меншікке салынатын салықтар	596 448
		1	Мүлікке салынатын салықтар	444 291
		3	Жер салығы	28 212
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	123 888
		5	Бірыңғай жер салығы	57
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	417 653
		2	Акциздер	20 630
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	377 862
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	16 303
		5	Ойын бизнесіне салық	2 858
	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	27 725
		1	Мемлекеттік баж	27 725
2			Салықтық емес түсімдер	148 716



	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6 199
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	599
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5 600
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	61 804
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	61 804
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	80 713
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	80 713
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	290 783
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	285 606
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	285 606
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 177
		1	Жерді сату	5 177
4			Трансферттердің түсімдері	6 710 457
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 710 457
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 710 457
Ф.топ	Әкімші	Бағ	Атауы	Сомасы, мың тенге
1			2	3
			2. ШЫҒЫНДАР	13 984 847
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	170 482
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 677
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 477
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	200
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	70 243
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	68 029
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2 214
			Теңге селосы әкімінің аппараты	20 882
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	20 882

	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 297
	023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1 585
		Қызылсай селосы әкімінің аппараты	14 304
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	14 304
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 943
	023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	361
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	28 137
	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті ( облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 882
	004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	8 404
	011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	5 851
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	21 239
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 239
02		Қорғаныс	5 904
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5 904
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5 904
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	24 298
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	24 298
	021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	24 298
04		Білім беру	4 992 738
		Теңге селосы әкімінің аппараты	80 621
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	80 621
	004	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау	80 621
		Қызылсай селосы әкімінің аппараты	35 160

123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	35 160
	004	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау	35 160
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	3 240 780
	009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	400 173
	003	Жалпы білім беру	2 305 182
	006	Балаларға қосымша білім беру	109 950
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 573
	012	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	3 000
	013	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	30 000
	011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеу	367 752
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 636 177
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 636 177
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	544 689
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	505 886
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	274 475
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	4 845
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	37 505
	006	Тұрғын үй көмегі	46 178
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	101 069
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3 793
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	10 185
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	12 219
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдарымен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	11 156
		Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз	

	019	Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	137
	020	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	4 324
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	8 000
	008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	8 000
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	30 803
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 580
	022	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	721
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 502
07		Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	4 873 132
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 574 347
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	1 106 000
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру және (немесе) сатып алу	1 246 450
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	109 900
	006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	1 111 997
		Теңге селосы әкімінің аппараты	20 865
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	20 865
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	3 896
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11 079

	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 890
		Қызылсай селосы әкімінің аппараты	17 471
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	17 471
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 311
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9 270
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 890
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 260 449
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	32 000
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	255 851
	018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	349 909
	028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	499 996
	030	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту	122 693
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	218 618
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	87 729
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	87 729
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	10 400
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 741
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6 659
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	28 111
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	28 111
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	27 299
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	16 199
	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	11 100
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7 815
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 815
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	43 590

	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 749
	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	23 756
	007	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	85
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	5 674
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 674
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8 000
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	8 000
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 642 900
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 642 900
	009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	2 642 900
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	15 918
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	1 338
	099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	1 338
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7 991
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 691
	008	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	300
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	6 589
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 943
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	1 646
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	45 432
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9 446
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 446
468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	35 986

		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 806
		003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	29 850
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	330
12			Көлік және коммуникация	394 425
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	394 425
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	364 575
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	29 850
13			Басқалар	43 572
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	24 143
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 486
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	17 657
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	5 876
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5 876
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2 500
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	2 500
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11 053
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 266
		014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	787
15			Трансферттер	12 739
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	12 739
